


Сабақтың тақырыбы:
Дулат Бабатайұлы
“Аягөз қайда барасың”



Дулат Бабатайұлы

- **Дулат Бабатайұлы** (1802, [Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы](#) Сандықтас қонысы — 1874, сонда) — көрнекті [ақын](#). Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Дулат шығармалары негізінен [дидактикалық](#) негізде жазылған. 1880 жылы Қазанда жарық көрген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның замана туралы толғаулары енген.
- [Орта жүз](#) құрамындағы [найман](#) тайпасынан шыққан. Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Өлеңдері ел ішіне ауызша және [қолжазба](#) түрінде таралған. Кейбір өлеңдері [Қазан қаласынан](#) 1880 жылы алғаш рет “[Өсиетнама](#)” деген атпен жеке [кітап](#) болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Ақынның кейбір өлеңдері кеңес дәуірінде әр түрлі хрестоматияларда “XVIII — XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” (Қазақ КСР ғылым академиясының баспасы, А., 1962) деген жинақта, кейін “[Үш ғасыр жырлайды](#)” (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары. А., 1965) жинағында басылып шықты. Ал, “Еспембет” поэмасы алғаш рет 1957 жылы “[Жұлдыз](#)” журналының 5-нөмірінде жарияланды. Дулат шығармаларын барынша зерттеп, жинап баспаға әзірлеген Қ.Өмірәлиев болды. Ақынның жеке жыр жинағы “Замана сазы” деген атпен 1991 жылы жарық көрді. Дулаттың өлең-жырларының басты сарыны — [19 ғасырдың](#) алғашқы жартысындағы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. Ақын “Тегімді менің сұрасаң”, “О, Сарыарқа, Сарыарқа”, “Асқар таудың сәні жоқ”, т.б. жырлары мен жеке кісілерге айтқан “Сүлейменге”, “Бараққа”, “Кеңесбайға”, т.б. арнау өлеңдерінде қазақ жерінің отарлануын, ел билеушілердің отаршыл саясаттың шылауында кетуін “Сауыр жерден айрылып, Қазақ елі жұқарды..., Орыстың көрсе ұлығын, Қыздан дағы қылықты..., Майырдың алса бұйрығын, Борбайға қысып құйрығын, Ел пысығы жортады”, — деп, кекті де отты жыр жолдарына айналдырған. Д-тың ақындық өнері, негізінен, 19 ғасырдың алғашқы жартысында қалыптасты. Осы кезеңнің өмір шындығы Дулат шығармаларына арқау боп өрілді. Қазақ даласындағы дәстүрлі хандық басқару жүйесін жою саясатын орнықтырған Ресей империясының 1822 — 1824 жылдары шығарған [Қазақ](#) даласын басқару жөніндегі ережелеріне қарсылық Дулат [шығармаларының](#) тақырыптық, стильдік, жанрлық ерекшелігін айқындады. Дулаттың уытты, шыншыл сөздерінің кімдерге арналғанын оның: “Халыққа емес сыйымды, Парақор баспақ биінді, Ел бүлдіргіш бегінді, Улы тілмен улаттым”, — деген өлең жолдары көрсетіп тұр. Туған халқының екі жақты езгіге түсіп, көз жасының көл боп ағуы, қайғысы мен мұңы ақынның жан сырында жыр болып төгілді.





Шығармашылығы



Дулат Бабатайұлы
Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «Ал, қарағай сұлу сындарлы», «О, [Сарыарқа](#), Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айрылған ел жағдайын сөз етсе, «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Бараққа», «Ел аралаған ишанға», «Еспембет» өлеңдерін жеке кісілерге арнайды. Ақын 19 ғасырдың 40-50 жылдарында өндіре жазған. Бұл - [Ресей](#) патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада бел алған кезі. Дулат осыны жыр өзегі етсе, кертартпа феодалдық-хандық дәуірді жоқтағаны емес, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсағаны еді.






Аягөз қайда барасың?..



**Тауды екіге жарасың,
Тастың қашап арасын.
Кесіп өтіп кезеңді,
Аягөз қайда барасың?..
Тарбағатай тауынан
Тоқсан сала қосылып,
Тоғыз өзен түйісіп,
Ақтың төмен жосылып.
Ағының тасты ағызып,
Арнаң қалды осылып.
Күркіреген үніңнен
Аңдар қашты шошынып.
Қырға суың тарады,
Ойға суың барады
Тоғанменен тосылып.
Қырың-малдың кіндігі,
Ойың-өнім, егіс қой.
Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді? –**



Аягөз қайда барасың өлеңінің түсінігі



- Атамекен – адамның ата – бабаларынан кіндік қаны тамған, өсіп-өнген жері екендігін, сондықтан адамның туған жерді дүниедегі ең қымбатты, ең қасиетті, ең аяулысын анасына балаған.
XIX ғасырдың орта тұсына қарай патша отаршылдары елді құт қонысынан ысырған тұста шығарған өлеңдерінде туған жердің ендігі тағдыры үшін қан жылаған ақын жүрегінің күйініші үлкен суреткерлік қуатпен бейнеленген. Дулат өзінің «Аягөз қайда барасың?» өлеңінде тамаша, осы жердің көркем келбетін кестелі тілмен суреттей отырып «осынау, атамекен, құт берекелі көркем қоныс еді, енді кімдікі – деп сұрақ қояды.
Сол арқылы жұрттың туған жерді сүю, қорғау түйсігін оятып, оның қазіргі жағдайын шамырқандырмақ болды?
1. Ақын Аягөз өлеңімен оның шүйцген де жемісті өңірін маржандай таза шұрайлы тілмен бедерлеп, құлпырған суреттермен тыңдаушыны елітіп кенет сөз ағысын бұзып
Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?
Жер сауырын жайлайды
«Ел сауыры » деп еді; -
Деп Аягөздің сол кездегі күніне оралтады. Өлеңді оқып ғажайып жердің табиғатына табиғатына тәнті болған да, «осы өкінішке кінәлі, жауапты кім?» – деп сұрақ қояды.
Бұған кінәлі би, старшын ұлықтарға жағымды болған аға – сұлтан қазылар екенін айтады:
Жеріңнің алды шұрайын,
Дуал салып жайласып!
Датыңды айтсаң майырға
Сібірге кеттің айдалып – дейді.
Бейнең қандай болды екен
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарыңа айна алып - дейді.
Бұл жерден туған жерге деген тарихи мәнді, тәрбие құндылықты көреміз.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!